

Құрметті Астана қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!
Жаңа жыл – ғажайыпқа, жақсылық пен үмітке толы мейрам.
Бұл мереке бізді қуанышқа бөлеп, болашаққа нық сеніммен қарауға шақырады.
Өтіп бара жатқан жылда біз небір қиындықтарды бірлесе шешіп, түрлі салада үлкен нәтижелерге қол жеткіздік. Жаңа жылда алдымызда жаңа көкжиектер ашылып жатыр, бірлескен күш-жігерімізбен биіктерді бағындырамыз деп сенемін.
Жаңа жылда үйлеріңізде бақ-дәулет пен ырыс-ынтымақ салтанат құрсын!
Отбасыларыңызда жақсылық пен қуаныш мол болсын!
Елордамыздың дамуына қосқан үлестеріңіз үшін алғысым шексіз.
Қаламызды жайлы әрі қолайлы еткендеріңіз үшін көп-көп рақмет!
Жаңа жыл құтты болсын!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі



№155
(4588)
Сенбі
30 желтоқсан
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Жаңа жыл жақсылықтар ала келсін!

📅 31 ЖЕЛТОҚСАН 🕒 00:00

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ
ПЕН «АТЫРАУ» КӨПІРІНІҢ
АУМАҒЫНДА ЖАҢА
ЖЫЛДЫҚ ОТШАШУ
АТЫЛАДЫ



ЖЫЛДЫ ЖҮГІРІП ҚАРСЫ АЛЫҢЫЗ!

Астанада 31 желтоқсанда жаңа жылдық жаппай жүгіру өтеді. Қатысушылар 2024 метр қашықтыққа жүгіреді.

Жаңа жылдық жүгіру 31 желтоқсанда Ботаникалық бақтан басталып (Ақмешіт көшесі жағында), ЭКСПО-дағы бас шыршада аяқталады. Жарыс 21:00-де басталады. Сағат 20:00-ден бастап алғашқы 1000 қатысушыға арнайы жапсырылатын нөмірлер мен арнайы медальдар беріледі.

Жарыс алдында фитнес-жаттықтырушылар түрлі дене шынықтыру бағдарламасын ұйымдастырады. Барлық қатысушы арасында жаңа жылдық лотереяның жүлделері ойнатылады.



КІРІСІ ӨСЕДІ

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында Қазақстанда ең төмен жалақы мөлшері 70000 теңгеден 85000 теңгеге дейін ұлғаяды.

«ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, жұмыс берушілер жұмысшыларға еңбекақыны ең төменгі жалақыдан төмен болмайтын деңгейде қамтамасыз етуге міндетті. Нәтижесінде 85 мың теңгеге дейін жалақы алатын түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың барлық саласында жұмыс істейтін 1,8 миллионға жуық жалдамалы жұмысшының, оның ішінде бюджет саласындағы 350 мың қызметкердің ақшалай кірісі өседі.



Жылдағы дәстүр бойынша жаңа жыл қарсаңында «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушыларға мерекелік көңіл күй сыйлау мақсатында пойыздарды жаңа жылдық стильде безендірді.

Бүгін Астанадан Бұрабай курортына №7507/7508 безендірілген жаңа жылдық электр пойызы бірінші рейске аттанды. Сондай-ақ тағы 4 бағыт бойынша жаңа жылдық пойыздар қатынайды. Олардың ішінде: №4/3 «Астана-Нұрлы жол-Алматы», №77/78 «Алматы-Маңғыстау», №45/46 «Павлодар-Түркістан», №38/37 «Маңғыстау-Семей» пойыздары бар. Мерекелік пойыз оқушылардың жаңа жылдық демалысы аяқталған уақытқа дейін жүреді. Вагондардың жолсеріктері Аяз ата мен Ақша қар бейнесінде жолаушыларды құттықтайды.

30-31 ЖЕЛТОҚСАН – АВТОБУСТАР ДЕМАЛЫС КҮНІНІҢ КЕСТЕСІ БОЙЫНША (06:00-23:00);
1 ҚАҢТАРДА ТАҢҒЫ САҒАТ 06:00-ДЕН 10:00-ГЕ ДЕЙІН АВТОБУСТАРДЫҢ 50 ПАЙЫЗЫ ШЫҒАДЫ,
10:00-ДЕН КЕЙІН ТОЛЫҚ КЕСТЕГЕ СӘЙКЕС САҒАТ 23:00-ГЕ ДЕЙІН ЖҮРЕДІ.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 504.77 \$ USD/KZT 453.64 ₸ RUB/KZT 5.01 ¥ CNY/KZT 63.83

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



САРАПТАМА ОРТАЛЫҒЫН АРАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Президенті Іс басқармасының Медициналық орталығына қарасты Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығының биыл пайдалануға берілген жаңа ғимаратын аралап көрді.

Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығында қоршаған орта объектілеріне және тамақ өнімдеріне бактериологиялық, молекулалық-генетикалық, паразитологиялық, санитариялық-химиялық және токсикологиялық, радиологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекет басшысына орталықтағы заманауи құралдармен жабдықталған және ең жаңа әдістемелерді пайдалана отырып, жедел әрі нақты нәтижелерді алуға мүмкіндік беретін зертханалар таныстырылды. Онда заманауи анализаторлармен бірге агрессивті-химиялық

реактивтерді қажет етпейтін, экспресс-әдістемелерді қолданатын портативті зертханалық құрылғылар орнатылған. Бұл зерттеу уақытын едәуір қысқартып қана қоймай, қаржыны да үнемдейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының басшысы Алексей Цойдың айтуынша, Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығында 8 зертхана жұмыс істейді. Алдағы уақытта зерттеулер номенклатурасын жылына 2000-ға дейін кеңейту көзделіп отыр. Сонымен қатар зерттеулердің жаңа түрлерін, халықаралық сапа және

құзыреттілік стандарттарын енгізу нәтижесінде орталық референс зертхана мәртебесіне ие бола алады. Яғни басқа зертханалардағы күмән тудырған зерттеулердің дұрыстығы мен дәлдігін осы жерде нақты тексеруге болады. Қасым-Жомарт Тоқаев өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқарып жүрген мамандарға алғыс айтып, жаңа сараптама орталығы ел игілігіне қызмет ететініне сенім білдірді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Медициналық орталықтың қоғамдық денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі мен стратегиялық маңызы зор екенін атап өтті.

БИЫЛ 92 ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ

Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда сенаторлар бірқатар заңды қарады және депутаттық сауалдарын жолдады.

Депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды бірінші оқылымда қарады. Құжат Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін әзірленді. Бұл заң шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық институт мәртебесіне ие экспорттық-кредиттік агенттік құруға арналған.

Бұл жиын Палатаның осы

жылдағы қорытынды отырысы болғанын атап өткен жөн. Осыған байланысты Мәулен Әшімбаев Сенат жұмысының негізгі нәтижелеріне тоқталып, алдағы жылдағы маңызды міндеттерге назар аударды. Палата төрағасы жаңа жылдың алғашқы аптасында депутаттардың өңірлерге салары басталатынын тілге тиек етіп, халықпен кездесулерде жүргізілген азаматтарға конституциялық реформаның және Парламент қабылдаған заңдардың мәнін кеңінен түсіндірудің маңызды екенін айтты.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың

бастамасымен елімізде кешенді реформалар іске асырылып жатыр. Соның нәтижесінде заң шығару процедурасы да өзгеріп, заң жобалары жаңа тәсілмен қарала бастады. Биыл Парламент 92 заң қабылдады. Қабылданған нормалар еліміздің саяси және орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етіп келеді. Сонымен қатар осы жылы Сенат қабырғасында 6 Үкімет сағаты, 80-нен астам дөңгелек үстел мен көшпелі отырыс өткізілді. Маңызды мәселелер бойынша Үкіметке 180-ге жуық депутаттық сауал жолданды» деді Мәулен Әшімбаев.

ШЫҒЫСТА 4 АУДАН ҚҰРЫЛДЫ

Президенттің жаңа Жарлығына сәйкес шығыста жаңа 4 аудан құрылды. Шығыс Қазақстан облысының құрамында: Қатонқарағай ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы Үлкен Нарын ауылында орналасатын Үлкен Нарын ауданы; Күршім ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы Марқакөл ауылында орналасатын Марқакөл ауданы құрылады.

Абай облысының құрамында: Үржар ауданының құрамынан бөлу жолымен әкімшілік орталығы Мақаншы ауылында орналасатын Мақаншы ауданы;

Семей қаласының құрамынан Абыралы, Айнабулақ, Ақбулақ, Алғабас, Ертіс, Новобаженово, Озерка, Приречный, Жиенәлі, Достық, Қараөлең, Көкентау

ауылдық округтері мен Шұлбі, Шаған кенттерін бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласының аумағында орналасатын Жаңасемей ауданы құрылады.

БАЛАЛАРҒА ҚҰТТЫҚТАУ ХАТ ТАБЫСТАЛДЫ

Елордада Мемлекет басшысы атынан «Жаңа жыл республика төрінде» атты республикалық шырша мерекесі өтті. Оған еліміздің барлық өңірінен 100-ден астам бала жиналды. Шыршаға шақырылған балаларға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан құттықтау хат табыс етілді.

«Айналайын балақай! Сені Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Осы тамаша мейрам өзіңді қуаныш пен шаттыққа бөлесін! Өмірің жарқын сәттерге толы болсын! Кітап оқы, спортпен шұғылдан, табиғатты аяла және жақсылық жасауға ұмтыл! Білімпаз, еңбекқор, адал азамат бол! Асқақ армандарың ақиқатқа айналсын! Саған зор денсаулық, толағай табыс тілеймін!» деп жазды Президент балаларға арналған құттықтауында.

Балалармен бірге шырша шамын жағуға ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қатысты.

«Бүгін өздеріңіз сынды 6 миллионнан астам бала Жаңа жыл мерекесін тойлауда және республикамыздың 20 өңірінен жүздеген бала осы Президент шыршасына қатысып, үлкен мерекелі тойды бірге өткізудеміз. Жалпы сіздер осы 3 күн бойы әсем қаламыз – Астананың ең

көрікті жерлерін араладыңыздар. Оның ішінде тәуелсіздік символына айналған «Бәйтерекке» де барды деп естіп отырмын. Мемлекет сіздердің бақытты балалық шақты өткізуіңіз үшін аянбай барлық мүмкіндікті жасап жатыр. Ендігі жерде, құрметті жас достар, сіздер де сабақты 5-ке оқып, саналы тәрбие алып, осы елдің беделді, мықты азаматы болып өсуіңізге барлық мақсат-мұратыңызды арнауға тиіссіздер» деді министр.

Ғани Бейсембаев балаларға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атынан сыйлықтар табыс етті. Рюкзак ішінде Президенттің құттықтау ашықхаты, планшет, төттілер және энциклопедиялық кітаптар бар. Шырша салтанатына қатысушылардың ішінде 10 жасар Кәусар Алмасқызы да бар. Жетісу облысы Талдықорған қаласындағы №19 мектеп-гимназияның 5-сынып оқушысы

бұл шара үшін арнайы өз қолымен 100 раушан гүлінен сәнді көйлек тігіпті. Отбасы үлгісіндегі балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушісі, Маңғыстау облысынан келген Виктор Баяркин Президенттен шақырту алғаны үшін алғысын білдірді. 3-сынып оқушысы қаратемен айналысады және домбырада ойнайды.

«Шырша тойына қатысқаным үшін аса қуаныштымын. Оның үстіне бізге көптеген сыйлық берілді. Осындай шексіз қуаныш сыйлаған Президентке және барша қатысушыға рақмет айтамын!» дейді ол.

Балаларға елорданың үздік шығармашылық ұжымдары, Маржан Арапабаева, Қарақат Әбілдина, Ержан Максим сынды танымал әншілер өнер көрсетті. «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының солистері «Күлбикеш» спектаклінің қойылымын тарту етті.



ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ ҚУАНТТЫ

Ескі және жақсы дәстүр бойынша Жаңа жыл қарсаңында қалалық мәслихат депутаттары Астана әкімдігінің «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының тәрбиеленушілерін келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Балаларға ертегі концерттік бағдарлама, төтті сыйлықтар мен ойыншықтар дайындалды. Өткен ғасырдың 80-жылдарында «ерекше балаларға арналған балалар үйі» ретінде ашылған орталық 3 жастан 18 жасқа дейінгі және одан жоғары жастағы адамдарға стационарлық және жартылай стационарлық бөлімшеде тұруға арналған. Бұл орталыққа біз жиі барамыз. Жазда демеушілермен бірге орталық тәрбиеленушілеріне жалпы сомасы 5 млн теңгеден астам жылы киім, шаңғы және спорт костюмдері, бал көйлектері мен аяқ киім сыйладық. Сондай-ақ биыл депутаттық корпусың қолдауымен стационарлық бөлімше ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді, ас үй жабдықтары толығымен



ауыстырылды, материалдық-техникалық база жақсартылды, қызмет көрсетуші персонал үшін жағдайлар жасалуда. Орталық тәрбиеленушілері «Special Olympic»,

«Жұлдызай» байқауы сияқты қалалық, республикалық және халықаралық іс-шараларға белсенді қатысады» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

**Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ****ЕЛОРДАҒА – 25 ЖЫЛ**

Елдегі басты оқиғаның бірі – Астанаға 25 жыл толды. Айтулы датаға байланысты елорда төрінде жүздеген мәдени және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылып, елордалықтар мен қала қонақтарына мерекелік көңіл-күй сыйлады. Әрине, іс-шаралар әртүрлі деңгейде өтті. Ішіндегі ауқымдысы – «Астана – болашақ қаласы» атты бауырлас қалалар әкімдерінің форумы болды.

Форум аясында панельдік сессиясы өтіп, елдің бас қаласын ғалымдар, инженерлер, сәулетшілер, дизайнерлер қатысып, бас қаланы көркейтуге қатысты идеясын ұсынды. «Халықаралық бағдарламалар орталығы» мен «IDP IELTS Kazakhstan» емтихан орталығы арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

ЖАҢА БАС ЖОСПАР

Астана қаласының 2035 жылға дейінгі бас жоспары бекітілді. Бас қаланың әуелгі Бас жоспарын жапон сәулетшісі Кисё Курокава түзгені белгілі.

Елорда үздіксіз дамып, жаңа ғимараттар пайда болып, халық саны жыл сайын көбейіп, бұған дейін Бас жоспар үш рет 2009, 2011, 2016 жылы өзгертілді. Әуелгі бас жоспарда 2030 жылға қарай Астанада халық саны 800 мың адамды құрайды деп болжанған болса, 2016 жылғы қолданыстағы бас жоспар 2030 жылға дейінгі мерзімге 1 млн 220 мың адамға есептелді. Дегенмен 2022 жылдың басында қала халқы 1 млн 240 мың тұрғынға жетті. Қала халқының жыл сайынғы өсімі 2025 жылға қарай 60 мың адамды, ал 2035 жылға қарай 80 мыңға жуық адамға көбейіп, 2025 жылға қарай Астана халқының саны 1 млн 480 мың тұрғынды, 2035 жылға қарай 2 млн 275 мың адамды құрайды деп күтіледі.

Халық санының көбеюіне байланысты әлеуметтік инфрақұрылым: мектептер, балабақшалар, емханалар, ауруханалар, спорт кешендері, сондай-ақ көпірлер салу, жолдарды кеңейту сынды жұмыстарды жүйелей түсу керек. Бас жоспар осындай ауқымды жұмыстарды қамтып отыр.

№3 ЖЭО ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Құрылысы ұзаққа созылған №3 ЖЭО іске қосылды. Жылу электр орталығы бас қаланы 440 Гкал/сағатпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жылыту кешенінің №3 ЖЭО бірінші кезеңінің құрылысы қазан айында аяқталды. Нысан осы кезден бастап қалаға жылу бере бастады. №3 ЖЭО сол жағалаудың бір бөлігін және құрылыс жұмыстары жүріп жатқан жаңа аудандарды жылумен қамтиды.

Сол сияқты жаңа «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станциясы іске қосылды. Бұл газ жылу станциясы «Бағыстан», «Мыңжылдық аллеясы» тұрғын үй кешендері аудандарын, қаланың сол жағалауын жылумен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ желтоқсан айында қуаттылығы 350 Гкал/сағ болатын «Тұран» газ жылу станциясының 1-кезеңі іске қо-



ШИРЕК ҒАСЫР ӨСУ ЖОЛЫНДА

2023 ЖЫЛЫ ЕЛОРДАДА ОРЫН АЛҒАН ЕЛЕУЛІ ОҚИҒАЛАРДЫ
НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНАМЫЗ



сылды. Осылайша, үш нысанның қуат күші 1140 Гкал/сағ құрады.

НУРА – ЖАҢА АУДАН

Астана қаласының халық саны артуымен қатар, территориялық аумағы кеңейіп, жаңа тұрғын үй кварталдары бой көтеруде. Бұл жаңа аудан ашудың маңызын көрсетеді. Астана қаласындағы жаңа ауданға «Нұра» атауы берілді.

Жаңа ауданның аумағы 19 336 гектарды құрайды. Ол Есіл өзенінің бойымен қаланың батыс бөлігінде шығысқа қарай Қабанбай батыр даңғылына дейін, одан әрі Қабанбай батыр даңғылының тақ жағымен және Қарқаралы тас жолының батыс жағы мен қаланың оңтүстігіне қарай орналасқан.

Жаңа аудан әкімінің міндеті көп. Әсіресе, тұрғын үй кешендерінде ойын алаңдарын құрып, жайлы қалаға үлес қосу үшін тынымсыз еңбек етуі тиіс.

КӨП КҮТКЕН КӨПІР


Тәуелсіздік даңғылы бойында жаңа көпір ашылып, қазірдің өзінде қала тұрғындары арасында үлкен сұранысқа ие болды. Мысалы, Мәңгілік ел даңғылы 20 пайызға, Сарайшық көшесі

мен Ұлы дала көпірі тиісінше 15 пайызға жеңілдеді. Сондай-ақ Керей-Жәнібек хандар, әл-Фараби көшелері және Ұлы дала даңғылы бойынша трафик жандануда.

Бұдан басқа, жаңа көпір Алматы мен Есіл ауданы арасындағы қосымша байланысты қамтамасыз етеді. Көпір сол жағалауды



Тәуелсіздік даңғылымен, жаңа теміржол вокзалымен, Қошқарбаев даңғылымен, Нәжімеденов көшесімен, Әзірет Сұлтан мешітімен, Байтұрсынов, Қордай, Айнакөл көшесімен, Момышұлы даңғылымен және тағы басқа қосымша байланысты қамтамасыз етеді.

**СУ ТАПШЫЛЫҒЫ
БОЛМАЙДЫ**

Жаз айларында су тапшылығы орын алғаны белгілі. Соған байланысты қала әкімі су тапшылығын шешуге бел буып, маусым айында Астана су қоймасынан қосымша құбыр желісі іске қосылды. Бұл қосымша тәулігіне 90 мың текше метр су береді. Үшінші сорғы-сүзгі стансасының құрылысы аяқталды. Қазір елордада су тапшылығы болмау үшін су құбырының екінші желісін тарту жұмысы жүргізілуде. Нұра жерасты суы кен орнының су құбырын жобалау, сондай-ақ Тельман сорғы стансасын кеңейту жобасы аяқталуда. Бұл жобалар 2030 жылға дейін қаланы тұрақты сумен қамтуды қамтамасыз етеді.

**ҚОНЫС ТОЙЫ –
ҚУАНЫШ ТОЙЫ**

Елорданың сол жағалауында архитектуралық құрылыс кешендері көптеп бой көтерді. Әсіресе тартымды, талғамды тұрғын үй кварталдарымен мақтануға болады. Дегенмен үлескерлерді көптен күткен тұрғын үйлер де аз емес. Биыл елордада құрылыс ұзаққа созылған 30-дан аса

құрайтын орталық бір мезгілде сағатына 700 оқушыны қабылдай алады.

«Сана» жаңа ұрпақ орталығы – мектеп оқушыларына қосымша білім беруге, өнерге баулуға арналған нысан. Биік әрі сәнді ғимарат заманауи технологиялармен, сапалы құрылыс материалдарымен бой көтеріп, барлық қажетті құрал-жабдықпен жасақталды.

Оқушылар сарайында 56 бағыт бойынша 50-ден астам үйірме қызмет көрсетеді. Негізгі бағыттар – әлеуметтік ғылымдар, робототехника, жасанды интеллект, қолөнер, бейнелеу, музыка және би өнері. Сабақ уақыты әртүрлі – 50, 60, 80 минут болады.

Жалпы 2029 жылға дейін жергілікті бюджет және мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 15 заманауи оқушылар сарайын салу жоспарланды. 2024 жылы қаланың әр ауданында бес оқушылар сарайының құрылысы басталады.

**ЗАБИКУЛИНГЕ
ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ**

№6 Мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аумағында ерлікпен қаза тапқан елордалық өрт сөндіруші Асқар Забикулиннің құрметіне ескерткіш бой көтерді.

Ескерткіштің ашылу салтанатына және №6 мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне Асқар Забикулиннің есімі берілуіне Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов, елорда әкімі Жеңіс Қасымбек, гарнизон басшылығы мен жеке құрамы, азаматтық қорғау органдарының ардагерлері, Асқардың туыстары мен жақындары қатысты.

Іс-шара қонақтары бейбіт күннің батыры туралы естелігімен бөлісіп, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын деген тілек тіледі. Забикулинге арналған ескерткіш еңбек адамын ұлықтап, ерлікке тағзым етті.

**МЕДИАХОЛДИНГТІҢ
БАСТАМАЛАРЫ**


Республика күніне және Астананың 25 жылдығына орай «Eldora Aqparat» медиасеріктестігі журналистер мен қаламгерлер арасында бильярд турнирін екінші жыл қатарынан өткізді. Медиа саласы мамандарының басын қосатын алаңда жазушы Қойшығара Салғараұлы арнайы қонақ ретінде қатысты. Парламент депутаттары, медиаменеджерлер, журналистер, баспасөз өкілдерінен құралған 32 ойыншы қатысты.

«Eldora Aqparat» ЖШС ұйымдастырған іс-шаралары мұнымен шектелмейді. «Мектеп және медиасауаттылық» жобасы аясында қаладағы 50-ге жуық мектепке серіктестік басшылары мен журналистер арнайы барып, жас оқырмандармен кездесіп, ақпараттық сауаттылық, ақпараттық мәдениет, медиамәдениет сынды тақырыпта ой алмасып, пікірлесті.

«Ел жүрегі – елорда» шығармалар байқауына елордадағы 40-тан аса мектептен 200-ден аса оқушы қатысты. Байқау үздіктері әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында марапатталды.

**«САНА» СЕРГЕКТІКТІ
ҚОЛДАЙДЫ**

Жаңадан ашылған Нұра ауданында «Сана» оқушылар сарайы есігін ашты. 7500 шаршы метрді





ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ – СЫРҒАНАҚ



Ә кімдік қыс мезгілінде бос уақытты пайдалы өткізу үшін мынадай орындарда сырғанақтар мен мұз айдындарын дайындады:


Байқоңыр ауданында: «Жастар» сарайы аумағында мұз айдыны мен 2 сырғанақ ашылды, сондай-ақ жаңа жылдық шырша орнатылды. К.Атагүрік атындағы саябақта мұз айдыны мен сырғанақ; «Жазушылар» аллеясы учаскесінде «Жаңа жылдық шар», Аяз Ата мен Ақшақар мүсіндері орнатылды; Өндіріс елді мекені мұнда мұз айдыны мен сырғанақ орнатылды; Кирпичный елді мекені мен Өндіріс елді мекенінде мұз айдыны мен сырғанақ орнатылды; «Қазқалашық» елді мекенінде биіктігі 2 метр сырғанақ, 6 метрлік конустық шырша орнатылды; «СМП» ТМ аумағында биіктігі 2 метр сырғанақ және 6 метрлік конустық шырша орнатылды. Дәл осындай сырғанақ 126-көшеде орнатылды. «Қоянды» учаскесінде биіктігі 4 метр болатын сырғанақ орнатылды, мұз айдыны ауданы 240 шаршы метрді құрайды, сондай-ақ 5 метрлік шырша орнатылды.

Сарыарқа ауданында мына орындар бойынша 11 сырғанақ пен 4 мұз айдыны салынды: Бөгенбай батыр даңғылы, 43; Қалалық алаң, Бейбітшілік көшесі, 11; Көктал саябағы; Кенесары хан ескерткішінің жанындағы Есіл өзенінің жағалауы; Оқжетпес-Герцен көшелерінің қиылысы.


Алматы ауданында 11 сырғанақ дайындалды. «Қазақ елі» алаңында, Триатлон саябағында, Пирамиданың артындағы саябақта, Оқушылар сарайының аумағында, «Нұрлы жол» вокзалының аумағында, Сарайшық шағын ауданында, тағы 5 сырғанақ Теміржолшылар, Промышленный, Интернациональный, Күйгенжар, Мичурин елді мекендерінде.

Нұра ауданында да фотоаймақтар және 6 төбешік пен 2 сырғанақ ашылды: Орталық саябақ; «Хан Шатыр» сауда үйінің жанындағы аумақ; «Азия Парк» СОО Айтматов – Сығанақ қиылысы; Үркер елді мекенінің Айғыржал көшесіндегі алаң.

Есіл ауданында мерекелік іс-шараларды өткізу үшін үш негізгі орындар ішінде ЭКСПО алаңы, Ботаникалық бақ және «Керуен» сауда үйі бар. Орталық алаңда да үлкен сырғанақ бар.



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



30/12 10:00, 12:30, 15:00

«ҒАЖАЙЫПТАР САРАЙЫНЫҢ ҚІЛТІ» МУЗЫКАЛЫҚ ЕРТЕГІ

«Жастар» сарайы



30, 31/12 10:00, 14:00

«ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА» ЕРТЕГІСІ

Қуыршақ театры



30, 31/12 12:00, 17:00

«КҮЛШЕ ҚЫЗ» БАЛЕТІ

«Астана Опера» театры



30/12 18:00

«ЖАҢА ЖЫЛ» «ҚАЗАҚКОНЦЕРТ» ҰЖЫМДАРЫНЫҢ КОНЦЕРТІ

«Қазақстан» орталық концерт залы



30/12; 2,6,7/01 16:00

«МАМОНТ МЕКЕНІ» ЦИРК ШОУЫ

Астаналық цирк



03-04/01 11:00, 13:30

«ҚАР ХАНШАЙЫМЫ» ЕРТЕГІСІ

М.Горький театры